

- білім беру ұйымдарында кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүзеге асыру кезінде қолда бар форма, әдістер, құралдарды ғана қолданып қоймай, мақсатқа сәйкес жаңаны да қосу қажет.

Жоғарыда қарастырған жұмыстарды қорытындылай келе, қоғам игілігі үшін өскелең ұрпақты жасампаз еңбекке даярлау мемлекеттің барлық білім беру жүйесіндегі маңызды міндеттердің бірі. Оны жетістікпен жүзеге асыру еңбек тәрбиесі мен кәсіби бағдардың ерекше жетілген жолдарын үнемі іздестірумен байланысты. Озық педагогикалық іс-тәжірибенің, ғылыми зерттеулердің нәтижесі жастардың еңбек мәселесін өзіндік шешуіне кешендік тақалуы ғана кәсіби бағдарлау қызметінде жетістікке жетуіне себеп болатынын көрсетті.

Ұрпақ-еліміздің, ұлтымыздың болашағы. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағынан күтеді. Сондықтанда оқушыларға кәсіптік бағдар беру ісін сәтті ұйымдастыра білу-үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Осындай мақсатты істі жүзеге асыруда бар жауапкершілікті сезініп, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып, дамыту және оған жан-жақты терең білім беру ісінде мектеп ұжымы аянбай еңбек ете бермекші. Ендеше келешектің иесі бүгінгі ұрпаққа білім беріп қана қоймай, келешектің көкжиегіне қол жеткізетін мамандықтарға жол сілтеуіміз біздің борышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы (12 сәуір, 2017 ж.). – Астана: «Ақорда», 2017. – Б. 3.
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Заңы (2017 жылдың 28 желтоқсанындағы өзгерістер мен толықтыруларымен). – Астана: «Ақорда», 2017. – Б.12.
3. Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012). – Астана: «Ақорда», 2012. – Б. 17.
4. Голомшток А.Е. Выбор профессии и воспитание личности школьника: Воспитательная концепция профессиональной ориентации. - М: Педагогика, 2014. – 160 с.

Талипова А.Е., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогика факультеті, МДФ -61 тобы, магистрант.
(Ғылыми жетекші - б.ғ.к., доцент Алишынбекова Г.К.)

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН МНЕМОТЕХНИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Психикалық дамуы тежелген балалардың қалыпты дамыған және ақыл-ойы кем балалармен салыстырғандағы есте сақтауының спецификалық ерекшелігі анықталған болатын. Бұл балалардың өздеріне тән ерекшелігі, олардың қандай да бір мәліметті жаттап дәл сол күйінде айтып беру қабілетінің төмендігінде. Әрине, бұндай жағдай ПДТ балалардың білім алу процесінде оң нәтиже бермейді. Психикалық дамудың тежелуіне тән тағы бір белгі – ес дамуындағы ауытқулар. Бұл балаларда есте сақтау өнімділігінің төмендігі, оның тұрақсыздығы, ырықтымен салыстырғанда ырықсыз естің басым болуы, есте сақтау тәсілдерін қолдана алмауы, есте сақтау көлемінің және дәлдігінің жетіспеушілігі, материалды тез ұмытуы байқалады. Мақалада осы категориядағы балалардың есте сақтауын мнемотехника элементтері арқылы дамыту қарастырылған.

Психикалық даму тежелуі мәселесі дүниежүзілік психолог, педагог мамандарының бірден-бір маңызды, актуалды мәселелерінің бірі болып табылады. Олар кемақылдар қатарына жатпайтын, бірақ білім қорының көлеміне қарай оларды қорытуға жеткілікті икемділіктері болса да алғашқы сыныптарда мектеп бағдарламасын игере алмайды.

Мектеп жасындағы бұл оқушылардың бәріне тән кемістік-үлгермеушілік. Оның негізгі себебі: бастауыш сыныптарда анық көрінетін психикалық әрекеттердің кейбір түрлерінің тежелуі немесе уақытша қалыптаспауы. Бұл тежелу көбінесе бес жастан бастап, он – он екі жас аралығында кездеседі. Олардың кемақылдылықтың жеңіл түрлері кездесетін балалардан ажырату үшін, Сухарева Г.Е «психикалық дамуы тежелген балалар» (ПДТБ), немесе біздің елдегі дефектология саласында қалыптасқан «психикалық дамуы тежелген» (ПДТ) деген терминді енгізді.

Бұл термин осы уақытқа дейін қолданылып келеді. Бұл балалардың интеллектуалды дамуының зақымдану дәрежесі – олигофрения мен ақыл-ойы қалыпты дамыған балалардың

арасындағы аралық орын алады, (яғни, интеллектісі кемақылдылықтан жоғары, ал қалыпты дамыған интеллектімен салыстырғанда едәуір төмен). Психикалық дамудың тежелуі уақытша болуы да мүмкін. Интеллектуалды жетіспеушіліктің туа біткен жеңіл түрлері де болады, осындай түрдегі балалар мен ересек адамдарды конституционалды ақымақтар деп атайды.

Күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырманы орындаған кезде, психикалық дамуы тежелген балалар ақыл-ойы кем балалардан анағұрлым тапсырманы жақсы орындап шыға алады. Есте сақтау қабілетінің тағы бір ерекшелігі, ПДТ балалар естігенін емес көргенін жақсырақ есте сақтайды, сондықтан, бұл балаларға сабақ беру барысында көрнекілік материалдарын қолдану маңызды болып табылады.

ПДТ балалар, әрине, үлгермеуші қатарына жатқызамыз, бұл өз кезегінде бала психикасының ауытқуына және оқуға деген жағымсыз көзқарастардың қалыптасуына әкеп соқтырады. Кей жағдайларда бұл мектеп пен баланың отбасының арасындағы келіспеушіліктерге әкелуі мүмкін [1].

Психикалық дамудың тежелуі себептері ми қыртысының минималды, функционалды зақымдануы немесе балалардың ұзақ мерзімде әлеуметтік депривацияға ұшырауы т.б. Бұл балалардың эмоциялық-ерік саласын, таным іс-әрекетінің дамуы, тежелуі, оның сапалы ерекшеліктері педагогикалық түзету шаралар арқылы орнына келуі, жөнделуі мүмкін.

ПДТ оқушыларда мидың төбе және маңдай бөлігінің қызметінің пісіп жетілмеуі және үлкен ми сыңарлары қабықтарының ассоциативтік құрылымының баяулауы, әсіресе сол жақ, ақпаратты талдау және оң жақ ми сыңарына тасымалдауының баяулығы көрінеді. «Соған қарағанда, сол жақ ми сыңарларының ерте онтогенез кезеңінде зақымдануы интеллектуалдық қызметтің дамуына қатты әсерін тигізбейді, тек қалыпты дамумен салыстырғанда оны тежейді», - деп жазады М. Н. Фишман (2001, 556) [2].

Психикалық дамуы тежелген балалардың мектепте білім алуы кезінде туындайтын қиындықтарының басты себебі, олардың танымдық процестерінің толық жетілмегені болып табылады.

ПДТ балалардың есте сақтауының ерекшелігі мәселесіне арналған еңбектердің көп бөлігі ерте мектеп жасындағы оқушыларды қарастырады. Бұл оқушылар есейген сайын оқу материалын есте сақтау қажеттілігі артып күрделенетінін көрсетеді.

Сонымен, психикалық дамудың тежелуінің жиі кездесетін белгілері: енжарлық, қызықпаушылық, өзіне-өзі сенбеушілік, тез жалығу, шаршау, бастаған ісін аяқтамау, ынта-жігерінің төмендеуі – бұл жоғары жүйке жүйесінің қызметінің негізі болып саналатын козу және тежелу процесстерінің тепе-теңдік заңдылықтарының бұзылуынан туындайды. Осымен қатар кейбір балаларда көру, есту, сезіну, қимыл – қозғалыс талдағыштарының әрекеті де жетілмеген, ал олардың әрекетінің балалардың дұрыс қалыптасуына әсері зор. Сондықтан 5-8 жастағы балалар арасындағы кездесетін психикалық даму тежелуі жан-жағындағы өзгерістерге мән бермеу, мектептегі оқуға талпынбау, дене қимылының, саусақтарының координацияларының бұзылуы, баланың тез шаршауы, қарындаш, қаламсаппен жұмыс жасай алмауы, тіл мүкістіктері, сөз қорының аздығы, есте сақтау, ойлау әрекеттерінің жетілмегені сияқты белгілермен білінуі мүмкін. Бұл кемістіктер кемақыл оқушыларда кездесетіндей күрделі, тұрақты емес. Мамандардың кеңесімен, әр баланың кемістігінің ерекшелігіне сәйкестендіріліп құрастырылған арнайы түзету-дамыту әдістемелерін қолдану жақсы нәтиже береді. Есте болатын жайт, қалыптастыру, дамыту процестерінде ата-анасының, отбасы мүшелерінің балаға дұрыс көзқарасының, оны аялап, жақсы көріп, жетістіктеріне өздері де, баланы да сендіріп, жігерлендірулері де өте маңызды.

ПДТ балалар елеулі бұзылыстарының барына қарамастан, олардың интеллект жағынан даму мүмкіндіктері жоғары. Мақсатты түрде бағытталған түзету жұмыстарын жүргізетін болсақ, жадының дамымай қалған процестерін мнемикалық қызмет қабілеттерін дамыта отырып орнын толықтыруға болады. Түзету жұмыстарының ең негізгісі болып балаларға есте сақтаудың арнайы тәсілдерін үйрету, яғни логикалық есте сақтауды дамыту болып табылады. Тағы бір маңызды мәселе – балаларды күнделікті оқу қызметін дұрыс ұйымдастыруға, ұқыптылыққа үйрету, бұл оларға импульсивтілігін жеңіп, зейінін тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

ПДТ балалар, әрине, үлгермеуші қатарына жатқызамыз, бұл өз кезегінде бала психикасының ауытқуына және оқуға деген жағымсыз көзқарастардың қалыптасуына әкеп соқтырады. Кей жағдайларда бұл мектеп пен баланың отбасының арасындағы келіспеушіліктерге әкелуі мүмкін [3].

Психикалық дамудың тежелу себептері ми қыртысының минималды, функционалды зақымдануы немесе балалардың ұзақ мерзімде әлеуметтік депривацияға ұшырауы т.б. Бұл балалардың эмоциялық-ерік саласын, таным іс-әрекетінің дамуы, тежелуі, оның сапалы ерекшеліктері педагогикалық түзету шаралар арқылы орнына келуі, жөнделуі мүмкін.

Есте сақтаудың төмендеуі, нашарлауы оқу үлгерімінің төмендеуіне әкелетіндіктен, оны түрлі әдістер көмегімен жаттықтырып тұру керек. Сондай әдістер жиынтығының бірі-мнемотехника. Мнемотехника (немесе мнемоника) - грекше *mnemonic* - есте сақтау өнері, есте сақтауды жеңілдететін және жасанды ассоциациялардың қалыптасуымен жад көлемін арттыратын тәсілдер мен әдістер жиынтығы. Бұл техника ертеден белгілі, «мнемоника» терминін б.з.д. 6 ғасырда Пифагор Самосский енгізген деп саналады.

Мнемотехниканың пайда болғанына көп жылдар болса да, оған деген қызығушылық әлі күнге дейін жоғалған жоқ. Ертегілерді мазмұндағанда тірек ретінде мнемотаблицаларды қолданса, түрлі қызықты бейнелер баланың есінде тез сақталып, түсінгенін еш қиындықсыз мазмұндап айтып береді. Мнемотехника элементтері бар ойындар баланың есте сақтауымен қатар ойлауын, қиялын, сөйлеу тілін, зейінін, барлық психикалық процестерін, дамытады.

Мнемоника бірнеше қарапайым принциптерге негізделген. Есту процесі визуалды анализатор жүйесінде сақталса, саналы түрде есте сақтауды басқаруға болады. Жаддағы бейнелерді есте сақтау «кескіндерді біріктіру, байланыстыру» арқылы ойлау операциясымен жүзеге асырылады. Суреттерге кез-келген ақпаратты жылдам түрлендіру үшін кодтау әдістерінің шектеулі жиынтығы қолданылады. Жаддағы деректердің есімізде сақтау ұзақтығын арттыру үшін сақталған ақпаратты жиі еске түсіріп отыру керек. Қажет болған жағдайда, визуалды бейнелер арқылы есте сақталған ақпаратты рефлекторлық (автоматты) деңгейге ауыстырылуы мүмкін. Бұл жағдайда сақталған ақпарат өте тез еске түседі және көмекші визуалды бейнелерді қажет етпейді.

Мнемотехника әдістерінің көмегімен есте сақтаудың мүмкіндігі қарапайым жады мүмкіндігінен он есе артады. Мәселен, адам үшін екі жүз санды есте сақтау мүмкін емес. Мнемотехника әдістерін меңгергендер дәл осындай ақпаратты 10-15 минут ішінде есте сақтайды.

Мнемотехника күнделікті өмірде, іскерлік саласында және оқуға кеңінен қолданылады. Есте сақтау қабілетін арттыру, жаттықтыру, интеллектуалдық процестерді дамытуға оң әсерін тигізеді.

Мнемотехниканың психикалық процестерге жағымды әсері:

- визуалды ойлаудың күшті дамуы;
- тұрақты зейіннің қалыптасуы (ұзақ уақыт зейінін шоғырландыру қабілеті);
- тиімді өзіндік жұмыстарды атқару, оқу қабілетін қалыптастыру.

Көптеген клиникалық және психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижесі психикалық дамуы тежелген балалардың ақыл-ой әрекетінің төмендігі олардың есте сақтау қабілетінің толық жетілмеуіне байланысты екендігін көрсетті. Психикалық дамуы тежелген балалардың қалыпты дамыған және ақыл-ойы кем балалармен салыстырғандағы есте сақтауының спецификалық ерекшелігі анықталған болатын. Бұл балалардың өздеріне тән ерекшелігі, олардың қандай да бір мәліметті жаттап дәл сол күйінде айтып беру қабілетінің төмендігінде. Демек, бұл жағдай ПДТ балалардың білім алу процесінде оң нәтиже бермей, танымдық қабілеттерінің толық жетілуін едәуір қиындатады.

ПДТ балалардың есте сақтау қабілетінің деңгейін анықтау мақсатында Қарағанды қаласының «Психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мектеп-интернаты» ММ-нің 3 сыныбының оқушыларына зерттеу жұмысы жүргізілді. Эксперимент тобына 7, бақылау тобына 6 оқушы алынды. Бұл мектепте оқитын оқушылар мүмкіндіктері шектелген балалар. Арнайы мектептің бастауыш сыныптарында білім беру үдерістерін бағалауы *төмен, орташа, жоғары* білім деңгейлерімен бағаланып, олардың медициналық – педагогикалық мінездемелерін құрастырып, талдау арқылы балалардың есте сақтау қабілетінің дәрежесі анықталды. Зерттеуді жүргізу үшін 3 әдістеме таңдалып алынды: «Сандарды есте сақтау», «10 сөзді жаттау», «Бейне-кеңістікті есте сақтау» [4].

Сандарды қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді (қалып қойған) есте сақтау зерттелді.

«Сандарды есте сақтау» пробасы тікелей есте сақтаудың қабілеттілігін бағалауға әсерін тигізді. Тексерілушілерге екі таңбалы 10 сан (тақ, жұп) бейнеленген кесте 30 секунд бойы көрсетілді (қосымша 1). Кесте алынып тасталғанда тексерілуші 1 минут ішінде бланкқа есінде

қалған сандарды жазуы керек болды. Тексерілушілерге 30 немесе 40 минуттан кейін осы сандарды еске түсіруге өтініш білдірілді. Тексерілушінің есте сақтаған сандарының жалпы саны нәтижені бағалауға алынды. Бұл әдістеменің бағалау критерийлері: 8-10 сөз есте қалса – «жоғары», 5-7 сөз есте қалса – «орташа», 4-ке дейін сөз есте қалса – «төмен» деп алынды. Осы әдістемені жүргізіп болған соң, мынадай нәтиже алынды: эксперимент тобында қысқа мерзімді есте сақтау (ҚМЕС) төмен-57%, орташа-29%, жоғары-14% көрсетсе, ал ұзақ мерзімді есте сақтау (ҰМЕС) дәрежесі: төмен-71%, орташа-29% көрсетті. Бақылау тобында қысқа мерзімді есте сақтау (ҚМЕС) төмен-50%, орташа-33%, жоғары-17% көрсетсе, ал ұзақ мерзімді есте сақтау (ҰМЕС) дәрежесі: төмен-67%, орташа-33% көрсетті.

«10 сөзді жаттау» әдістемесі біркелкі ырғақпен 10 сөзден тұратын мәтінді оқу әдісі арқылы жүргізілді. Сөздер логикалық мазмұны жағынан бір-бірімен байланыспаған, сондықтан тез жатталмайды. Оқылып болғаннан кейін тексерілушіге есте қалған сөздерді жазу жөнінде ұсыныс білдірілді және бұл әрекет кем дегенде 3 рет қайталанады (қосымша 2).

Есте сақтауды бағалау 3 балдық жүйе бойынша жүргізілді: 10-нан 8 санға дейін (сөз) есте қалса – «жоғары», 5-7 – «орташа», 4-ке дейін «төмен» деген баға берілді. Осы әдістемені жүргізіп болған соң, мынадай нәтиже алынды: эксперимент тобында төмен-71%, орташа-29% дәрежелерін көрсетсе, ал бақылау тобында есте сақтаудың төмен-67%, орташа-33% көрсетті.

Бейне-кеңістікті есте сақтауды (БКЕС) зерттеу тексерілушілерге бірнеше карточкалар сериясын көрсету түрінде жүзеге асырылды. Әрбір карточка көлемі (20×20 см) бірдей шаршыларға (5×5) бөлінген. Оның ішінде контрасты штрихталған шаршы белгіленген. Бір серияға кіретін барлық 5 карточкада штрихталған шаршы әрбір жерінде орналасқан және олар бірінен кейін бірі көрсетілді (қосымша 3). Соңғы карточканы көрсеткеннен кейін тексерілушіге тәжірибе хаттамасында штрихталған шаршының орналасқан жерін белгілеу ұсынылды (барлық 5 шаршы бір алаңда белгіленді).

Тәжірибе үш сериядан тұрады, әрбір белсенді демалысқа 2 минуттық үзіліс берілді. 5 карточкадан үш рет көрсетілгендегі дұрыс белгіленген шаршылар саны (максималды дұрыс жауаптар саны 15-ке тең) 3-ке бөлінді де, бейне-кеңістіктегі есте сақтау көрсеткіші деп алынды (БКЕС).

БКЕС әдістемесінің бағалау критерийлері: төмен – 1-2 дұрыс жауап; орташа – 3-4 дұрыс жауап; жоғары – 5 дұрыс жауап.

Осы әдістемені жүргізіп болған соң, мынадай нәтиже алынды: эксперимент тобында төмен-43%, орташа-43%, жоғары-14% көрсетсе, бақылау тобында төмен-33%, орташа-50%, жоғары-17% көрсетті.

Осындай нәтижелерді ала отырып, біз эксперимент тобына мнемотехника элементтерін, яғни мнемокестелерді есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында ауызша сабақ барысында пайдаланып, қолдандық.

Жалпы мнемотехника дегеніміз - көрнекі және дыбыстық мысалдарды қолданып ақпаратты есте сақтау әдістері мен әдістерінің жиынтығы.

Бүгінгі күні бұл есте сақтау техникасы мектепке дейінгі мекемелерде, сондай-ақ логопед жұмысында кеңінен қолданылады.

Мнемотехниканың мектепте оқитын балаларға пайдасы:

- өлеңдерді, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды, әңгімелерді есте сақтауды жеңілдетеді;
- оқиғалардың қисынды тізбегін қалыптастырып, әңгімені дұрыс тәртіпте айтып беру қабілетін дамытады (басын - ортасын - соңын);
- сөздік қорын байытады;
- ойлауын, қиялын дамытады [5].

Мнемотаблицаларды пайдаланып ертегілерді, тақпақтарды есте сақтау

Сөйлеуді дамыту бойынша сабақтарда мұғалімдер көбінесе мнемотехниканы қолданады. Бұл техникада көрнекі құралдар – кестелер пайдаланылады. Оларды мнемотаблица дейміз. Мұғалім балаларға мнемотаблицада берілген бейнелерді қарастырып есте сақтауға ұсынады. Кестелер әр түрлі көріністер мен тақырыптарға берілуі мүмкін.

Мнемотаблицалардың мынадай түрлері бар:

- өлең, жұмбақ немесе ертегілер арналған;
- ережелерді есте сақтауға арналған;
- әңгімелерге арналған [9].

Қазіргі заманғы балалар тым көп ақпаратпен қамтылған, тіпті көбінесе оларды қабылдай алмайды. Мнемотаблицалар балаларға әңгімесін жоспарлауға және оны логикалық тәртіпте

айтып беруге үйретеді. мнемотаблицаларды пайдалану оқу процесін айтарлықтай жақсартады, балалар тезірек үйренеді. Мнемотаблицалар қолмен салынған немесе дайын суреттерден жасалған болуы мүмкін. Бастапқы кезеңде қатарынан 3-4 суретті орналастыру арқылы кесте салу керек. Балалар бұл суреттерді бояуға қызығушылық танытады, ал кейінірек өздері де сол суреттерді сала алады.

Кестені құрастыру үшін сізге қажет:

1. Сюжетті бөлікке бөліп, маңызды сәттерді анықтау (әрбір 2-3 сөзден), парактарды кесте құру үшін бөліктерге бөлу;

2. Әрбір сәтке сурет салыңыз (зат есім немесе сын есімдерді сипаттайтын);

3. Түсініксіз сөздерді (етістіктер немесе сұрақтар) мүмкіндігінше қарапайым етіп салу немесе «?» белгісін қою.

Бұл туралы балаға түсіндіру қажет. Балалар мнемотаблицалардың мақсатын түсінгеннен кейін суреттер санын көбейтіп, тапсырманы күрделендіруге болады. Егер сіздің кесте салуға уақытыңыз болмаса, оларды интернеттен оңай табуға, жүктеп, басып шығаруға және баламен айналысуға болады. Жоғарыда айтылғандай, мнемотаблицалар бастауыш сынып оқушыларына мәтінді қабылдауын жеңілдетеді. Бұл әсіресе психикалық дамуы тежелген, сөйлеу және есту қабілетінде бұзылысы бар бастауыш сыныпта оқитын балалар үшін өте маңызды. Мнемотаблицалар көмегімен өлеңдер жаттап, әңгімелерді есте сақтап айтып беру оңай. Қиналған жағдайда кестеге көз салып еске түсіруге болады. Бұл әдіс ұялшак, ұяң балаларға да сенімділік береді, олар көпшілік алдында сөйлеуді үйренеді.

Мақсаты: есте сақтауды, ойлауды, зейінді, бір сөзбен айтқанда, психикалық процесстерді дамыту. Міндеттері:

- Балалардың мнемотаблица көмегімен ертегілерді мазмұндау жайлы түсінігін кеңейту.
- Ертегілерді логикалық реттілікте мазмұндай білу қабілеттерін нығайту.
- Ертегілерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу [6].

ПДТ балаларға арналған арнайы білім беретін мекемелердің бағдарламаларындағы оқушы меңгеруге тиіс білім көлемі жалпы білім беретін орта мектептердің бағдарламаларына сәйкес келетіндіктен, осы оқушыларға арналған түзете-оқытудың жүйесін құру, олардың есте сақтау ерекшеліктерін ескеріп, жетілдіру жолдарын, әдістерін зерттеп қарастыруды талап етеді. Ал мнемотаблицалар жадыны жаттықтыратын таптырмас құрал.

Мнемотаблицалар қолмен салынған немесе дайын суреттерден жасалған болуы мүмкін.

1) Эксперименттен кейін жүргізілген «Сандарды есте сақтау» әдістемесі бойынша эксперимент тобында қысқа мерзімді есте сақтауды анықтау барысында оқушылардың тапсырманы орындау деңгейлерінің ішінде, жоғары өзгеріссіз, орташа 10%-ға дейін өскен, ал төмен деңгей болса 7%-ға жақсарған. Ұзақ мерзімді есте сақтауды анықтауда тапсырманы орындау деңгейлерінің ішінде жоғары өзгеріссіз, орташа 10% өскен және төмен де 10%-ға жақсарған.

2) «10 сөзді жаттау әдістемесі бойынша» эксперимент тобында оқушылардың тапсырманы орындау деңгейлері жоғары 14% өскен, орташа 10%-ға дейін өскен, ал төмен деңгей болса 24%-ға жақсарған.

3) БКЕС әдістемесі бойынша оқушылардың есте сақтау деңгейлері жоғары деңгей 12%-ға өскен болса, орташа деңгей 7%-ға өсті және төмен деңгей 19%-ға жақсарған. Ал бақылау тобындағы пайыздық көрсеткіштер өзгеріссіз қалған.

Мынадай қорытынды жасауға болады: мнемотехника элементтері, яғни мнемокестелер психикалық дамуы тежелген бастауыш сынып оқушыларында кездесетін есте сақтау төмендігіне, жалпы таным қабілеттерінің толық жетілмеуіне кешенді әсер етіп, түзету жұмысы сәтті болды, оқушылардың есте сақтауы, таным қабілеттері жақсара түсті.

Нәтижесінде мнемокестелерді қолданғанның тек жағымды жақтары ғана анықталды. Ол тек есте сақтауды жетілдіруге ғана емес, сонымен қатар балаларға білімді тез меңгеруге көмегін береді, өйткені ол әртүрлі мнемотаблицалар көмегімен керекті ақпаратты тез есте сақтауға септігін тигізуі, түрлі қызықты, бірден көзге түсетін суреттердің есте көпке дейін сақталып қалуы оқу үлгерімін жақсартуға оң әсерін тигізеді. бұл өз кезегінде есте сақтаудың барлық түрлерін (есту, қозғалыс, көру) белсендендіреді. Балаға жағымды эмоциялық әсер сыйлайды, шығармашылық талғамын дамытып, танымдық қабілеттерін жетілдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарова Н.М. под.ред. Специальная педагогика. –М, 2000. — 209 б.
2. Лубовский В.И. Современные проблемы диагностики ЗПР. эл.журнал. «Психологическая наука и образование» — 2012. — №1— 2б. Кулагина И. Ю. Личность школьника от задержки психологического развития до одаренности // — М. ТЦ «Сфера», 1999. — 117 б.
3. Лебединская К.С. Основные вопросы клиники и систематики задержки психического развития // Дефектология. — №3. — 17–18б.
4. Гурьева Н.А. Год до школы. Развиваем память. Рабочая тетрадь упражнений по мнемотехники. – СПб.: Светлячок. —2000.
5. Подобед В.Л. Особенности кратковременной памяти детей с задержкой психического развития // Дефектология. — 1981. — № 3.
6. Полянская Т.Б. Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста. — 2009.

Төлеутай А.А., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, бизнес және құқық, технология факультеті, СР-19-1к тобының студенті
(*Ғылыми жетекші - аға оқытушы, магистр Исина С.С.*)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕГІ КӘСІБИЛІК МӘСЕЛЕСІ

Әлеуметтік жұмыс институты азаматтық қоғамның басты әлеуметтік институттарының бірі болып табылады. Азаматтық қоғамды дамыту сияқты халық әлеуметтік жұмыс институтын да дамытуға мүдделі. Әлеуметтік жұмыс институтын дамыту қоғам тарихының ажырамас бөлігі болып келеді. Дамыған, жетілдірілген әлеуметтік жұмыс институты - дамыған мемлекеттің бірден-бір көрсеткіші.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік саясаттың мінсіз және әмбебап үлгісі жоқ. Әлеуметтік қауіпсіздік және азаматтардың жақсы өмірі мәселелерін шешу - бұл әрбір қазақстандыққа әсер ететін қиын және өте маңызды міндет.

Мемлекет қоғамның әлеуметтік жағдайы төмен топтарына- зейнеткерлерге, мүгедектерге, еңбекке жарамсыздарға, науқас балаларға және т.б. атаулы көмек үшін толық жауапкершілік алып, ұдайы әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіріп отыр, ананы және баланы жан-жақты қорғау қажеттігіне мән беруде.

«Әлеуметтік жұмыс» ұғымы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында жаңа кәсіби іс-әрекет ретінде айналымға енді. Осы уақыттан бастап адамдарға көмек көрсететін қайырымдылық ұйымдар саясаты көмекке мұқтаж адамдарды қамқорлыққа алу мәселесін қарастыруда. Кедейліктің негізгі себебі ретінде қоғамдағы объективтік әлеуметтік-экономикалық жағдай қарастырыла бастады. Соның негізінен көмек көрсетудің жаңа үлгілері дамуға бастау алды.

Қазіргі таңда Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс перспективті салалардың бірі ретінде даму үстінде. Ауыр экономикалық жағдай тұрғын-халықтың осал топтарына әртүрлі білікті көмекке мұқтаж болуына себеп болып отыр. Функционалистік әлеуметтану көзқарасы бойынша бұл жағдай жаңа мамандықтың пайда болуының бір ғана себебі емес, сонымен қатар кәсіби әлеуметтік жұмыстың дамуын ынталандырушы факторлардың бірі болып табылады. Қоғам әлеуметтік жұмыстың жылдам институционализацияланғанына және оның қоғамдағы жоғарғы мәртебелі, жағымды имиджді толыққанды мамандық болып қалыптасқанына тікелей мүдделі болуына байланысты тек жоғары сапалы мамандандырылған мамандық қана мәселелердің салдарларымен қатар себептерімен де табысты күресе алады.

Егер әлеуметтік жұмыстың қазіргі таңдағы шынайы жағдайын қарастыратын болсақ, онда әлеуметтік жұмыс адамдарға кәсіби көмек көрсететін мамандық ретінде қалыптасқан жоқ, және оның кәсібилену процесі әлі де аяқталмады. Кәсібилік ұғымы кең мағынада қоғамдық институттардың құрылуы мен дамуы, сонымен қатар қоғамның кәсіби құрылымының қалыптасуымен байланысты ережелер мен нормалар ретінде түсіндіріледі. Ал тар мағынада кәсібилену процесі ерекше мүддесі мен құндылықтары, сонымен қатар кәсіби ұстанымдары мен ролі бар кәсіби топтарды қалыптастыру дегенді білдіреді. Әлеуметтанушылардың көзқарастары бойынша іс-әрекет тек кәсібиленуден өткеннен кейін ғана мамандық ретінде атала алады.